



БЕЙБІТШІЛІК – ЖАРЫҚ СӘУЛЕ

Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің пленумында Комитет мүшелерінің – жұмысшылардың, колхозшылардың, жазушылардың, ғалымдардың сөйлеген сөздерін тыңдағанымда, менің көз алдыма туысқан Қазақстанның, біздің қуатты Совет Одағының туысқан республикаларының игілікті, творчестволық тұрмысының бейнелері елестеді. Комитеттің басқа мүшелерімен бірге Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бес ұлы мемлекет арасындағы Бейбітшілік Шартын жасасу туралы Үндеуіне қол қойғанымда, мен табиғатты өзгертіп жатқан, құлазыған шөл даланың бет-бейнесін өзгертіп жатқан, алып каналдар мен су электр станцияларын салып жатқан Совет адамдарының рухани күші туралы ойладым.

КСРО халықтарының туысқандық дос семьясында тең праволы социалистік республика болып табылатын туған жерім – Қазақстан Совет өкіметі орнағаннан бергі жылдардың ішінде құлпырып өзгерді. Бір кезде правосыз болған менің халқым Ұлы Октябрьден кейін, [...], ұлы орыс халқының туысқандық жәрдемімен өзінің творчестволық күштерін бар пәрменімен өрістетті.

Республикада мыңдаған мектептер, ондаған институттар мен техникумдар, Ғылым академиясы, мемлекеттік университет бар. Ұлттық драма және музыка театрлары, көркемөнер оқу орындары ойдағыдай жұмыс істеуде. Қазақтың мыңдаған жас жігіттері мен қыздары музыка және театр училищелері мен мектептерінде оқиды.

Бейбітшілік – жарық сәуле, тұрмыс, балалар мен аналардың бақыты мен қуанышы, еңбекші адамның творчасының қуанышы. Мен Москвада, Алматыда, Тбилисиде әртүрлі кәсіптің адамдарымен көптеген кездесулерді еске түсіремін. Совет адамының ой-пікірі қалай шарықтайды, творчестволық ізденімпаздығы қандай құлаш сермейді, қуат-жігері қандай тамаша?! Оның барлық қызметі – бейбітшілікті қорғау.

– Бейбітшілік! – дейді жоспардан тыс көмір шығарған шахтер.

– Бейбітшілік! – дейді болаттың кезекті қорытылуын аяқтаған сталевар.

– Бейбітшілік! – дейді колхозшы жұмыстағы тамаша нәтижелері үшін Социалистік Еңбек Ерінің «Алтын жұлдызын» алып жатып.

– Бейбітшілік! – дейді озат Совет ғылымын жаңа жетістіктермен байытқан ғалым.

– Бейбітшілік! – дейміз біз – өз творчествомызбен совет адамдарын еңбектегі ерлік істерге рухтандырушы артистер, жазушылар, суретшілер.

Бейбітшілікті жақтаушылар – зор күш. Жер бетінің барлық елдерінің миллиондаған адал адамдары бейбітшілікті қорғауда. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын Жасасу Туралы Үндеуіне 450 миллиондай адамның қол қоюы соғыс өртін тұтандырушыларға қатты соққы болып тиеді. Үндеуге сан миллион совет халқы қол қойғанында бұл соққы бұрынғыдан да гөрі күшейе түседі!

Соғыс америка-ағылшын империалистеріне керек. Оларға долларды айналдыру үшін халықтардың қаны керек. Олар өліммен сауда жасауда. Олар жанталаса қарулануда, дүниежүзінің барлық түкпірлерінде соғыс базаларын құруда, фашист баскесерлердің қолдарына қару беруде. Олар Кореяда тонаушылық соғыс ашты және Корея мәселесін бейбіт жолмен шешуге кедергі жасауға бар күшімен тырысуда. Бейбітшілікті сақтауға, қорғауға барынша талпынған тілектері арқылы бірігіп отырған миллиондаған игі ниетті адамдардың күш жұмсауы ғана жүгенсіз кеткен соғыс өртін тұтандырушыларды ауыздықтай алады.

Әрбір совет азаматының алдына, қандай елдің болса да әрбір адал ниетті адамының алдына «Бейбітшілікті қорғау үшін сен не істедің?» деген сұрақ қойылады. Бұл сұрақ әдебиет және искусство қайраткерлерінің алдына да қойылып отыр. Нағыз шын алдыңғы қатарлы, нағыз халықтық искусство өзінің мазмұны бойынша зұлымдыққа, соғысқа жау. Ол өмірді, халықтардың бостандығы мен достығын баянды етіп отырады.

Советтің көркемөнершілері барлық елдердің искусствосының прогресшіл қайраткерлерімен бірге бейбітшілік ісін өз творчествосымен нығайтуда, соғыс өртін тұтандырушылардың тіміскілеген әрекеттерін әшкерелеуде. Біздің жазушыларымыз америка-ағылшын соғыс өртін тұтандырушыларды әшкерелейтін жарқын шығармалар жазды. Соғысқа жанталаса әзірленушілікті өршітетіндерге қарсы, өздерінің жалмауыздық ынсаптарын қанағаттандыру үшін, пайда түсіру үшін миллиондаған адамдарды қанға батыруға әзір отырғандарға қарсы біздің театрларымыздың сахналарынан ашулы сөздер естілуде.

Біздің даусымыз, Совет көркемөнершілерінің даусы, күшті және қаһарлы дауыс болуға тиіс. [...] Біздің әдебиетіміз, біздің искусствомыз дүниежүзінің бүкіл прогресшіл көркемөнершілеріне жол сілтеуде.

Совет көркемөнершілері әрқашан бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болды және бола береді.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 33-35 б. – (Меретойлық әдебиет).